

2022 жылдың сәуір айының 3-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу

Сәуірдің үшінші онкүндігінде республиканың оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында байқалған жылы ауа райы және көбінесе нормадан көп жауған жауын-шашын Алматы облысында егіс жұмыстарының жүргізілуін шамалы қиындатқан, бірақ күздік бидайдың өсіп өнуіне қолайлы болған.

Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарының бақылау учаскелерінде онкүндік бойы жаздық арпада «дәннің өнуі» - «түтікке шығу» даму фазалары байқалған, егін науқаны жалғасуда. Арпаның жағдайы көбінесе өте жақсы және жақсы болып бағаланған.

Алматы облысында жаздық бидай себу науқаны жалғасуда, ерте себілген егістіктерде «көктеу» - «3-жапырақ» даму кезеңдері байқалған, бидайдың жағдайы жақсы.

Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданында, Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданында және Қарағанды облысының Бұқар Жырау ауданының бақылау учаскелерінде топырақты алдын ала өңдегеннен кейін жаздық бидай себуге кіріскен, егін жұмыстарының сапасы жақсы.

Солтүстік облыстарда жаздық дәнді дақылдарды себу үшін топырақты дайындау (тырмалау, культивациялау, қопсыту, гербицидтермен өңдеу) қарқынды жүргізілуде.

Сондай-ақ, оңтүстік облыстарда күздік бидайдың өсуі мен дамуы үшін агрометеорологиялық жағдайлар қолайлы болған. Егістіктердің жағдайы өте жақсы және жақсы, даму кезеңі «түйін тамырының пайда болуы» - «төменгі сабақ түйіннің» пайда болуы, Жамбыл облысының Қордай агропостының маңайында – «масақтану». Алматы облысының Сарқанд станциясының маңайында күздік бидай дақылдарын минералды тыңайтқыштармен тыңайтуға кіріскен.

Егін науқанына дейін топырақты өңдеуге және жылу сүйгіш дақылдарын (дәндік жүгері, күріш, мақта, соя, қант қызылшасы) егу жұмыстары жалғасуда, жұмыс сапасы жақсы. Егін егуге дейін учаскелерді алдын-ала жүгеріге суаруға кіріскен, күріш алқаптарына су жіберілуде.

Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданында сафлор егуге, Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында картоп отырғызуға кіріскен, жұмыс сапасы жақсы.

Жеміс дақылдарының жағдайы өте жақсы және жақсы. Алматы облысының Есік станциясының маңайындағы бақшаларда алма ағаштарын улы химикаттармен өңдеу, Жамбыл облысының Саудақент станциясының маңайындағы алма бақтарында вегетациялық суаруға жүргізілуде.

Республиканың оңтүстік өңірлерінде тегіс көпжылдық шөптер (жоңышқа, эспарцет, беде) егістіктерінде «өсімдік сабағының өсуі» және «гүл шоғырының пайда болуы» фазалары, жеке учаскелерде «гүлдену» (Шымкент станциясы) байқалған. Шөптердің жағдайы тегіс жақсы, эспарцетті суару жүргізілуде.

Қарағанды, Қостанай және Павлодар облыстарында қолайлы ауа температурасы фонында житняк шөптерінің белсенді өсіп-өнуі байқалады. Шөптердің жағдайы жақсы және қанағаттанарлық. Павлодар облысының Павлодар және Успен аудандарында астық тұқымдас шөптердің жағдайы нашар, шөптердің малмен тапталуы байқалған.

Жайылымдық мал шаруашылығы аудандарында ауа райының метеорологиялық жағдайлары ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға және негізгі шаруашылық іс-шараларын жүргізуге, сондай-ақ жайылымдық өсімдіктердің жаппай өсуіне қолайлы болған.

Барлық көгалданған жайылымдарда мал жайылымы жүргізілген. Төлдеу науқаны және ветеринарлық іс-шаралар жалғасуда, көктемгі қыркуды (қойларды) бастаған.

Шабындықтардың жағдайы көбінесе жақсы және қанағаттанарлық, ал шабындықтың жақсы жай-күйі Алматы облысының Еңбекшіқазақ және Балқаш аудандарында және Түркістан облысының Созақ ауданында байқалған.

Жайылымдар әлсіз және орташа тапталған. Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында және Жамбыл облысының Талас ауданында жайылымдар тапталмаған. Алматы облысының Қаратал ауданында қатты тапталған.

Жайылымдық мал шаруашылығының барлық аймағында шымның дымқыл, кей жерлерде құрғақ жағдайы байқалған.

Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында топырақтың метрлік қабатындағы өнімді ылғал қоры оңтайлы, Қарағанды, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында қанағаттанарлық және Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында қанағаттанарлықтан жеткіліксізге дейінгі ылғалдану жағдайы қалыптасқан.